

Кәсіпкерлік қызметтің түрлеріне бір жолғы талон құнының бағасын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Ақтөгай аудандық мәслихатының 17 сессиясының 2009 жылғы 24 қарашадағы N 183 шешімі. Қарағанды облысы Ақтөгай ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 28 желтоқсанда N 8-10-92 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ақтөгай аудандық мәслихатының 32 сессиясының 2011 жылғы 09 маусымдағы N 309 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ақтөгай аудандық мәслихатының 32 сессиясының 2011.06.09 N 309 шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы заңының 6-бабын, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 36-бабын басшылыққа ала отырып, объектінің орналасқан жерін, түрін қызметті жүзеге асыру жағдайларын, сапасы мен алаңын, сондай-ақ қызметпен айналысу тиімділігіне ықпал ететін басқа да факторларды ескере отырып, салық органы жүргізген орташа күндік хронометраждық байқау мен зерттеу деректері негізінде аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТИ:**

1. Ара-тұра сипатта кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын жеке тұлғалар үшін қолданылатын бір жолғы талондардың құндары мен қызмет түрлерінің тізбесі N 1 қосымшада көрсетілген көлемде белгіленсін.

2. Базарларда сауда жасағаны үшін алынатын төлем мөлшері N 2 қосымшада көрсетілген көлемде белгіленсін.

3. Осы белгіленген ставкаларды ара-тұра сипатта аталған кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын жеке тұлғаларға қолдану Ақтөгай ауданы бойынша салық басқармасына (Қ.Н. Болғанбаев) тапсырылсын.

4. Осы шешімнің орындалысына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Б.З. Тлеубергеновке жүктелсін.

5. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Ә. Әлжанов

Аудандық мәслихат хатшысы

М. Оңғарқұлов

Ақтөгай

аудандық

мәслихаттың

2009

жылғы

24

қарашадағы

N 183 шешіміне 1 қосымша

Ара-тұра сипаттағы кәсіпкерлік қызметтің белгіленген түрлерін жүзеге асыратын жеке тұлғалар үшін біржолды берілетін талонның бір күнгі бағасы айлық есептік көрсеткішінен пайызбен алынғанда

N	Бір жолғы талон негізіндегі кәсіпкерлік қызметтің түрлері	1 күнге /айлық есеп көрсеткішінен пайызбен алынғанда/
1.	Газеттер және журналдар сатумен	7
2.	Тұқым, сондай-ақ отырғызылатын материал (екпелер, көшет)	10
3.	Бақша дақылдарын сату	13
4.	Саяжайларда және үй маңындағы участекерде өсірілген табиғи гүлдерді сату	10
5.	Қосалқы ауыл шаруашылығы, бағбандық, бақшашилық және саяжай участекерінің өнімдерін, жануарлар мен құстардың жемдерін, сыпыртқылар, сыпырғылар, орман жидегін, бал, саңырауқұлақ және балық сату	4
6.	Жер участекерін өндеу жөніндегі жеке трактор иелерінің көрсететін қызметті	24
7.	Үй жануарлары мен құстарын бағуды жүзеге асыратын жеке тұлғалар	23

А қ т оғ а й**а у д а н д ы қ****м ә с ли х а т т ы ң****2 0 0 9****ж ы л ғ ы****2 4****қ а р а ш а д а ғ ы****к е з е к т е н****т ы с****1 7****с е с с и я с ы н ы ң**

N 183 шешіміне 2 қосымша

Аудан көлеміндегі базарларда сауда-саттық жасағаны үшін жеке тұлғалардан алынатын бір жолғы талонның бір күнгі бағасы айлық есептік көрсеткішке пайызбен алынғанда:

Тауар түрі	Сауда орнының түрі	Сауда орнының көлемі (м кв)	1 м кв сауда орны үшін талонның мөлшері айлық есептік көрсеткішке пайызбен алынғанда
Азық-тұлік	Сөрелерде	3,4	4
	Ет тағамдары	3,4	5
	Сүт тағамдары	2,2	3
Өндіріс тауарлары	Сөрелерде	4,2	3
	Қолдан сату	1,5	2